«8D03101 – Әлеуметтану» білім беру бағдарламасы бойынша
Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
Тленчиева Шырын Мураткызының
«Қазақстандағы бақыт деңгейінің әлеуметтанулық өлшемі (қалалық және ауылдық елді мекендер мысалында)»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми
ПІКІР

Тленчиева Шырын Мураткызының диссертациялық зерттеуі Қазақстандағы бақыт пен субъективті әл-ауқат мәселесін әлеуметтік индикатор ретінде кешенді қарастыруымен ерекшеленеді. Бақыт феноменін тек экономикалық көрсеткіштермен шектеу жеткіліксіз екендігін негіздейтін автор, бұл ұғымды қоғамдық даму деңгейінің маңызды бағамы ретінде ұсыну арқылы зерттеудің өзектілігін айқын көрсетеді.

Бәріміз білетіндей бақыт пен субъективті әл-ауқат қазіргі әлеуметтік ғылымдарда қоғам дамуының кешенді индикаторы ретінде мойындалуда. Бұл ұғымдар жеке қанағаттанушылықпен қатар, әлеуметтік институттардың тиімділігіне, мемлекеттік саясаттың нәтижесіне және өмір сапасына тікелей қатысты. Дәстүрлі ЖІӨ-орталықты өлшемдердің шектеулілігі ұлттық бақыт индекстері сияқты метрикаларды стратегиялық бағалау құралына айналдыруды талап етеді. Қазақстан контексінде де бұл мәселе айрықша өзекті, модернизация толқыны азаматтардың өмір сапасына қалай әсер етті, субъективті әл-ауқат қай деңгейге өзгерді деген сұрақтарға эмпириялық жауап беру қажет. 2024 жылғы Дүниежүзілік бақыт баяндамасында Қазақстанның 43-орынға көтерілуі өмірге қанағаттану, әлеуметтік қолдау, денсаулық, еркіндік және сенім факторларының оң динамикасын көрсетеді, бірақ қала мен ауыл, жас және жыныс қырларында айырмашылықтар сақталып отыр. Жалпы алғанда, тақырып елдің адамға бағдарланған даму моделін нақтылауда, әлеуметтік саясаттың тиімділігін бағалауда және өмір сапасын арттыруда жоғары практикалық мәнге ие. Субъективті әл-ауқатты әлеуметтанулық тұрғыдан өлшеу Қазақстандағы сапалық өзгерістерді бағалаудың сенімді құралы болып табылады.

Докторант өз зерттеуінде халықаралық (World Database of Happiness, World Happiness Report) және ұлттық (ҚР ҰСБ өмір сапасы зерттеулері) деректерге, сондай-ақ Қазақстанның 20 өңірін қамтыған авторлық сауалнамаға негіздейді. Бұл үйлесім аймақтық, әлеуметтік және мәдени ерекшеліктерді кешенді бағалауға мүмкіндік береді. Зерттеу жұмысының теориялық базасы классикалық (Бентам, Конт, Дюркгейм, Маркс, Вебер) және заманауи (Маслоу, Инглхарт, Селигман, Винховен) тұғырларды қамтып, R. Veenhoven-нің «өмір сапасының төрт өлшемін» өзек етеді. Сонымен бірге денсаулық, психологиялық тұрақтылық, білім, әлеуметтік капитал, мәдени және экологиялық факторлардың рөлі талданады. Автор Ruut Veenhoven ұсынған өмір сапасының төрт өлшемін басты аналитикалық құрылым ретінде негізге

ала отырып, бақыттың социологиялық модельдерін локализациялау барысында келесі ғылыми жаңалықтарды көрсетеді:

- Қазақстандағы субъективті әл-ауқат деңгейіндегі негізгі үрдістерді анықтау, елдің салыстырмалы мемлекеттер арасындағы орнын талдау және интерпретацияны контекстілендіру мақсатында халықаралық деректер базалары (World Database of Happiness, World Values Survey, Gallup World Poll) жүйелі түрде зерттелді. Бұл тәсіл Қазақстанның жаһандық «бақыт картасындағы» орнын айқындап, ұлттық динамиканың әлемдік үрдістер аясындағы ерекшеліктерін көрсетуге мүмкіндік берді. Субъективті әл-ауқаттың ұзақ мерзімді динамикасын және оның өңірлік стратификациясын бағалау үшін ауқымды ұлттық деректер массивтеріне кешенді талдау жүргізілді. Нәтижесінде, ел аймақтары арасындағы өмірге қанағаттану деңгейіндегі тұрақты айырмашылықтар мен кеңістіктік заңдылықтар анықталды.
- Факторлық талдау әдісі негізінде Қазақстанның қалалық және ауылдық халқы арасындағы субъективті әл-ауқат детерминанттарының құрылымдық айырмашылықтары нақтыланды. Зерттеу нәтижесінде қалалық ортада мәдени және құндылықтық бағдарлар маңыздырақ рөл атқарса, ауылдық ортада әлеуметтік-экономикалық және тұлғааралық факторлардың ықпалы басым екені дәлелденді. Экономикалық факторлардың субъективті әл-ауқатқа әсері адамның өз материалдық жағдайы мен өмір сүру шарттарын субъективті бағалауы арқылы жанама түрде жүзеге асатыны эмпирикалық тұрғыда негізделді. Бұл қорытынды субъективті әл-ауқатты анықтайтын классикалық модельдерді нақтылап, әлеуметтік-экономикалық шындықты қабылдаудың психологиялық қырларын айқындайды.
- Регрессиялық талдау көмегімен қазақстандықтардың субъективті әл-ауқатындағы вариацияларды түсіндірудегі әлеуметтік, экономикалық және мәдени факторлардың салыстырмалы үлесі айқындалды. Бұл түрлі детерминанттардың ықпалын сандық тұрғыда бағалауға және субъективті әл-ауқаттың құрылымын түсіндіретін эмпирикалық модель жасауға мүмкіндік берді. Кластерлік талдау негізінде субъективті әл-ауқаттың өңірлік бейіндері (профильдері) анықталып, эмпирикалық тұрғыда дәлелденді. Осы нәтижелер өңірлердің әлеуметтік-экономикалық және мәдени ерекшеліктерін ескеретін аймақтық сараланған әлеуметтік саясат қалыптастыруға ғылыми негіз береді.
- Қазақстан контекстін ескере отырып, зерттеу құрылымдары (әлеуметтік мәртебені бағалау, мәдени құндылықтар, күтулердегі өзгерістер, әлеуметтік байланыстар сапасы, әлеуметтік күтулер мен оптимизм нормасын қабылдау) операционализацияланып, валидтелді. Бұл қазақстандық қоғамның ерекшеліктеріне сәйкес келетін субъективті әл-ауқатты өлшеудің сенімді және жарамды құралдарын әзірлеуге мүмкіндік берді.

Бұл ғылыми нәтижелер бақыт әлеуметтануы саласындағы ұлттық контекстегі теориялық репертуарды кеңейтеді және социологиялық зерттеулердің әдіснамалық көкжиегін тереңдетеді.

Зерттеу әдіснамасы жүйелілік, кешенділік және салыстырмалы талдау қағидаттарына негізделген. Автор халықаралық және ұлттық дереккөздерді, сондай-ақ өзі қатысқан ірі гранттық жобалар аясындағы эмпириялық сауалнамаларды тиімді қолданған. Қолданылған статистикалық әдістер (сипаттамалық, корреляциялық, регрессиялық, факторлық талдау) мен деректердің репрезентативтілігі алынған нәтижелердің сенімділігін арттыра түседі.

Диссертациялық жұмыстың маңызды нәтижелері:

1. Талдау нәтижелері көрсеткендей, тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде Қазақстан халқының бақыт деңгейі оң динамикамен сипатталып, посткеңестік елдер қатарында салыстырмалы түрде тұрақты позицияны сақтап отыр.
2. Эмпирикалық деректер субъективті әл-ауқат деңгейі мен негізгі әлеуметтік-демографиялық сипаттамалар арасындағы статистикалық тұрғыда мәнді, бірақ шамасы жағынан әлсіз байланыстарды көрсетті.
3. Өмір сүру жағдайларын, материалдық жағдайды және әлеуметтік мойындауды субъективті бағалау бақыт деңгейімен неғұрлым тұрақты және күшті байланыс көрсетеді, ал табыстың объективті деңгейінің әсері, негізінен, осы субъективті бағалар арқылы жанама түрде байқалады.
4. Субъективті әл-ауқат пен тұлғааралық сенім мен әлеуметтік қолдау арасында оң байланыс орнатылған; институционалдық сеніммен байланыс статистикалық тұрғыда мәнді болғанымен, әлсіз.
5. Діни өзін-өзі сәйкестендіру деңгейі бақытпен рухани өмірге қанағаттану және әлеуметтік байланыстар арқылы жанама түрде корреляцияланады. Этникалық тиістілік бұл тәуелділіктің модераторы ретінде көрінеді (орта есеппен алғанда, қазақ мұсылмандардың көрсеткіштері кейбір өзге этникалық топтармен салыстырғанда жоғарырақ).
6. Діни тиістілік пен конфессиялық айырмашылықтар субъективті әл-ауқатқа статистикалық тұрғыда мәнді ықпал етсе де, негізгі детерминант болып табылмайды.
7. Бақыт пен позитивті эмоцияларды көрсетуге қатысты әлеуметтік күтулерді субъективті қабылдау, сондай-ақ отбасылық бірлік пен әлеуметтік қолдау субъективті әл-ауқатқа жас, жыныс сияқты әлеуметтік-демографиялық сипаттамалар мен табыстың объективті деңгейінен гөрі көбірек ықпал етеді.
8. Мәдени нормаларды талдау нәтижелері көрсеткендей, позитивті эмоцияларды көрсетуге қатысты әлеуметтік күтулерді қабылдау субъективті әл-ауқатпен өзара байланысты.

9. Факторлық талдау субъективті әл-ауқат факторларының құрылымындағы айырмашылықтарды тұрғылықты мекеніне қарай нақтылады: ауылдық жерлерде негізгі компонент ретінде материалдық-тұрмыстық жағдайларға және отбасылық қолдауға қанағаттану байқалса, қалалық ортада әлеуметтік мәртебелік күтулерге, кәсіби өзін-өзі іске асыруға және әлеуметтік байланыстар сапасына қатысты компоненттер басым.

10. Кластерлік талдау субъективті әл-ауқаттың тұрақты аймақтық бейіндерін айқындады.

Диссертациялық жұмыс нәтижелері әлеуметтік саясат саласында — аймақтық және әлеуметтік топтық ерекшеліктерді ескеретін мақсатты бағдарламалар әзірлеуде, әл-ауқатты мониторинг жүйелерін жетілдіруде, адам капиталына бағдарланған реформаларда тиімді қолданылуы мүмкін. Сондай-ақ, әлеуметтану, әлеуметтік саясат және деректер талдауы салаларында білім беру мақсатында да пайдалану әлеуеті жоғары.

Жұмыс құрылымы логикалық және жинақы, әдеби шолу ауқымды әрі заманауи, әдіснамалық бөлім айқын, нәтижелер кестелер мен суреттер арқылы көрнекі ұсынылған, қорытындылар мен ұсыныстар нақты; пайдаланылған әдебиеттер жиынтығы да тақырыпқа толық сай. Соңғы редакцияда дәйексөз беру мен библиографиялық сипаттамаларды біріздендіруді, терминологияны (мәтін, кесте-сызбалардағы атаулар) ұдайы сәйкестендіруді және кесте/сурет нөмірлеуін толық сәйкестікке келтіруді ұсынамыз.

Қорытындылай келе, диссертациялық жұмыстың өзектілігі, ғылыми жаңалығы, нәтижелерінің дәлдігі мен негізділігі, сондай-ақ теориялық және практикалық маңыздылығы бұл еңбекті тәуелсіз және білікті ғылыми жұмыс ретінде мойындауға толық мүмкіндік береді. Сондықтан жұмыстың авторы Тленчиева Шырын Мураткызы «8D03101 – Әлеуметтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін иеленуге лайық деп есептеймін.

Ғылыми жетекші,
ә.ғ.д., профессор
ҚР ҒжЖБМ ҒК «Философия, саясаттану және дінтану институты» бас директорының ғылыми жұмыстар
жөніндегі орынбасары **Ш. Джаманбалаева**